

Ж.И. Сардарова^{1*}, **Г.Н. Кисметова²**, **Т.И. Нурушева²**,
С.И. Кадыргалиева², **Г.М. Гауриева³**

¹Абай атындағы Қазақтың ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Орал қ.

³Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

*e-mail: sardar.Zh@mail.ru

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Мақала қазіргі қоғам сұранысына жауап беретін өзекті мәселе – инклюзивті білім беруде сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану әдістемесін қарастырған. Бүгінгі күні инклюзивті оқытуды сапалы жүзеге асыратын құзыретті маманды дайындау – педагогтерді дайындайтын бүгінгі жоғары мектептің алдында тұрған басты мәселе. Авторлар барлық педагогикалық мамандықтарға оқытылатын «Инклюзивті білім беру» пәнін меңгертуде сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану тиімділігін толық ашқан. Зерттеуде 2022–2023 оқу жылында 6В01513 «Биология» мамандығының 3 курс студенттерімен тәжірибе барысында жүргізілген жұмыс мазмұны баяндалып, сандық және сапалық әдістер негізінде алынған нәтижелер жүйелі пайымдалған. Тәжірибелік жұмыс қорытындысы нәтижесінде сын тұрғысынан ойлау технологиясының тек оқу материалын жетік меңгертіп қана қоймай, білім алушылардың бүгінгі тез өзгермелі қоғамға икемді бейімделе алатын, сындарлы ойлау қабілеті дамыған құзыретті маман дайындаудағы орасан зор мүмкіндігі айқындалған. Ұсынылған зерттеу жұмысының практикалық тұрғыдан маңыздылығы – бүгінгі инклюзивті білім беру жағдайында сыни дағдыны дамытатын тиімді әдіс-тәсілдер тобы мен практикаға бағытталған тапсырмалар негізінде ұсыну әдістемесінің берілуі. Мақала авторлары зерттеу тақырыбына қатысты теориялық әдебиеттерді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын толық қамтып, жан-жақты талдау жасап, өзіндік ой қорытындысын тұжырымдаған. Оның ішінде сын тұрғысынан ойлау технологиясының үш кезеңін ашып, олардың әрқайсысының мақсатын нақты анықтап, қолданылатын әдіс-тәсілдерге толық сипаттама берген. Сонымен қатар сыни ойлау – бұл білімге, сыни психикаға және қабілеттілікке негізделе отырып, анықталған жағдаятта тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін позитивті ойлау процесі деген мазмұндағы анықтамасы нақтыланған.

Түйін сөздер: жоғары мектеп, инклюзивті білім беру, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, әдіс-тәсілдер, сыни ойлау дағдысы, аргумент, тұжырым, тиімді шешім.

Zh.I. Sardarova^{1*}, G.N. Kismetova², T.I. Nurusheva², S.I. Kadyrgaliev², G.M. Gauriyeva³

¹Abay Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

²SC West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Kazakhstan, Uralsk

³L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

*e-mail: sardar.Zh@mail.ru

Application of critical thinking technology in inclusive education in higher education

The article considers an urgent problem that meets the needs of modern society – this is the method of applying critical thinking technology in inclusive education. Since the training of a competent specialist who qualitatively carries out inclusive education is the main task facing today's Higher School, which is engaged in the training of teaching staff. The authors describe the effectiveness of the use of critical thinking technology, its main methods and techniques in the development of the discipline "Inclusive Education", which is studied by all students of pedagogical specialties. The study presents the full content of the work carried out during the experimental work with 102 3rd-year students in the 2022-2023 academic year, systematically evaluates the results obtained on the basis of quantitative and qualitative methods. Based on the results of the research work, the possibilities of critical thinking technology are determined not only to master the educational material perfectly, but also to prepare a competent specialist who is able to flexibly adapt to today's rapidly changing society, with developed constructive thinking. The practical significance of the presented research work lies in the fact that in modern conditions of inclusive education, a group of effective methods that develop critical skills and a methodology

for their presentation based on practical tasks are presented. The authors of the article analyzed in detail the theoretical literature, research work on the research topic, conducted a comprehensive analysis and formulated their conclusions. In particular, the methods and techniques used are described in detail, clearly revealing the three stages of critical thinking technology and defining in more detail the purpose of each of them. In addition, the definition has been clarified, which has the following content: "critical thinking is a positive thought process that allows you to make effective decisions in a certain situation based on knowledge, critical mentality and abilities.

Key words: Higher school, inclusive education, critical thinking technology, methods, critical thinking skills, argumentation, conclusion, effective solution.

Ж.И. Сардарова^{1*}, Г.Н. Кисметова², Т.И. Нурушева², С.И. Кадыргалиева², Г.М. Гауриева³

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, г. Алматы

²Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, Казахстан, г. Уральск

³Евразийский национальный университет имени Л. Гумилева, Казахстан, г. Астана

*e-mail: sardar.Zh@mail.ru

Применение технологии критического мышления в инклюзивном образовании в высшей школе

В статье рассматривается актуальная проблема, отвечающая запросам современного общества: методика применения технологии критического мышления в инклюзивном образовании. Подготовка компетентного специалиста, качественно осуществляющего инклюзивное образование – главная задача, стоящая перед высшей школой в подготовке педагогов. Авторы раскрыли эффективность применения технологии критического мышления при изучении дисциплины «Инклюзивное образование» на всех педагогических специальностях. В исследовании описывается содержание работы, проведенной в ходе эксперимента со студентами 3 курса специальности «В01513-Биология» в 2022-2023 учебном году, системно представлены результаты, полученные на основе количественных и качественных методов. По результатам экспериментальной работы выявлены огромный потенциал технологии критического мышления в подготовке компетентного специалиста с развитым конструктивным мышлением, способного не только в совершенстве усвоить учебный материал, но и гибко адаптироваться к современному быстро меняющемуся обществу. Практическая значимость предлагаемого исследования заключается в представлении методики с применением группы эффективных методов и приемов и практико-ориентированных заданий развития критического мышления в современных условиях инклюзивного образования. Авторы статьи подробно рассмотрели теоретическую литературу, научно-исследовательские работы по теме исследования, провели комплексный анализ и сформулировали свои выводы. Раскрыли три этапа технологии критического мышления, четко определили задачи каждого этапа и дали подробное описание применяемых методов. Кроме того, уточнено определение критического мышления – это позитивный мыслительный процесс, который позволяет принимать эффективные решения в определенной ситуации, основываясь на знаниях, критической психике и способностях.

Ключевые слова: высшая школа, инклюзивное образование, технология критического мышления, методы и приемы, навык критического мышления, аргумент, вывод, эффективное решение.

Кіріспе

Бүгінгі таңда әрбір жеке тұлғаның ойлау іс-әрекетінің сапалық көрсеткіші сыни ойлаумен өлшенуде. Сол себепті де қазіргі жоғары мектептің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – бұл әрбір білім алушының қабілеттерін әр қырынан жан-жақты аша отырып, жоғары технологиялық және бәсекелестік қоғамда өмір сүруге дайын тұлғаны тәрбиелеу. Аталған міндеттің маңыздылығы сонымен қатар бүгінгі инклюзивті білім беру жағдайында педагог мамандарды дайындауға деген сұраныстың ар-

тып, ерекше мәнге ие болуымен сипатталады. Бұл өз кезегінде, білім беру саласындағы мамандардан барлық тұлғалардың тең құқықтық, демократиялық қағидатын басшылыққа ала отырып, бәріне қол жетімді білім беру ортасын құра алатын білікті педагогтерді даярлауды талап етуде.

Зерттеу жұмысымыздың өзектілігі біріншіден, инклюзивті білім беру отандық практикада соңғы жылдары жедел қарқынмен дамып келе жатқан оқыту түрі болуымен сипатталады, себепші басты фактор – денсаулығында кінәраты бар балалардың жылдан-жылға көбеюі.

Екіншіден, жоғары оқу орындарында педагог дайындайтын мамандықтарға «Инклюзивті білім беру» пәнінің енгізілуіне байланысты оны сапалы меңгерудің тиімді әдістемесін ұсыну қажеттілігі артуда. Осыған орай, жоғары мектептегі бұл пәннің мақсаты – болашақ педагогтердің инклюзивті білім беру туралы теориялық-әдіснамалық білімдерін кеңейту, инклюзивті тәжірибені қабылдап, оны дамытуға дайындау және инклюзивті құзыреттерін дамыту. Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау технологиясын болашақ педагогке сапалы меңгерту оған кәсіби жұмысында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың бойында өз көзқарасын нақты тұжырымдай алуына, оңтайлы шешім қабылдауына және өзін-өзі жүзеге асыруына негіз болатын сындарлы ойлау қабілеттерін қалыптастырып, дамытуына көмектеседі деп пайымдаймыз.

Біз зерттеу жұмысымызда отандық практикада инклюзивті білім беру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының жылдан-жылға терең зерттелуі үстінде екендігін және керісінше, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, оның әрбір кезеңдеріндегі әдіс-тәсілдер, оларды тиімді қолдану әдістемесі мәселесі өз деңгейінде қарастырылмағандығын ескере отырып, оны теориялық-практикалық деңгейде толық ашуды жөн санадық.

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесі бойынша теориялық әдебиеттерге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау, бақылау, сұрақ-жауап әдісі, сауалнама, Литер Старкидің диагностикасы.

Әдебиеттерге шолу

Отандық практикада инклюзивті білім беруді терең зерттеп, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен оның қалыптасып, дамуына өзіндік үлестерін қосып жүрген Намазбаева Ж.И. [1], З.А.Мовкебаева [2], А.К.Сатова [3], Н.Б.Жиенбаева [4], Г.А.Абаева [5], А.Н.Аутаева, А.К.Рсалдинова [6] А.А.Байтұрсынова [7] сияқты дефектолог-ғалымдарымызды ерекше атап өте аламыз. Сонымен қатар ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың оқыту үдерісіне тиімді әдістер мен технологияларды енгізу бойынша ғылыми-әдістемелік бағытта қомақты жұмыс атқарып келе жатқан Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА ғалымдар тобының ролі зор [8].

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының зерттелу тарихына үңілсек оның негізін салушы американдық ғалымдар Темпл Ч., Дж.Стилл, Мередит К. [9], Халперн Д.[10], Бак Н.Т. [11],

Кластер Д. [12] және практикалық тұрғыдан негіздеген ресейлік ғалымдар С.И.Зайр-Бек, И.В.Муштавинская, И.О.Загашев [13, 14].

Біздің елімізде 1997 жылдардан бастап қолданыс тапты және оны жоғары мектепте қолдану мәселелері отандық ғалымдардан Б.А.Тұрғынбаева [15], А.С.Амирова [16], А.К.Мыңбаева [17], А.А.Ташетов [18], Л.М.Искакованың [19] ғылыми-зерттеу жұмыстарында жан-жақты қарастырылады.

Жалпы сыни ойлау ұғымының тарихына үңілсек, «critical», «criticism», «critic» сияқты ағылшын терминдері ежелгі грек сөзі «kritikos», яғни бағалау, салыстыру, таңдау қабілеті деген мағынаны білдіреді. Оксфорд сөздігіне сәйкес сыни ойлау – бұл сізге шындық немесе жалған деп логикалық шешім жасауға мүмкіндік беретін ақпаратты талдау процесі. Сонымен қатар Кембридж сөздігіне жүгінсек, сыни ойлау – сізге басқа көзқарастардың немесе эмоциялардың әсер етуіне мүмкіндік бермейтін мәселені, ойды терең зерттеу процесі.

Американдық философия ассоциациясы ғалымдарының тұжырымдауына, сыни ойлау – интерпретациялық іс-әрекетте, талдауда, бағалауда және қорытындысында мақсатқа бағытталған, өзін-өзі түзетуші баға.

Дж.А.Браус пен Д.Вудтың тұжырымдауына, сыни ойлау – бұл объективті тұжырым жасауға, ақылға қонымдылық тұрғысынан логикалық әрекет етуге, кез келген нәрсеге түрлі көзқарас шеңберінде қарауға және мәселені шешудің жаңа мүмкіндіктерін ашуға көмектесетін рефлексивті, баға беретін ойлау. Оның басты мақсаты – білім алушылардың өзін-өзі бағалау, бақылау және өз іс-әрекетін жоспарлау арқылы өз бетімен білім алуға апаратын метакогнитивті қабілеттері мен біліктерін дамыту. Яғни бүгінгі тез өзгермелі әлемде білім алушылардың практикалық әрекетіне аса қажетті ақпаратты сауатты талдау және бағалау дағдыларын дамытуы [11, 41 б.].

Жоғарыда «сыни ойлау» ұғымына берілген шетелдік ғалымдардың анықтамаларын талдай келе, біз өз зерттеуімізде Н.Т.Бактың берген анықтамасын басшылыққа алдық: «сыни ойлау – білімге, сыни психикаға және қабілеттілікке негізделі отырып, анықталған жағдаятта тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін позитивті ойлау процесі» [11, 63 б.].

Американдық педагог Д.Кластердің пікірінше, сыни ойлауға тән бес негізгі сипаттама келесі мазмұн құрайды [12, 18 б.]:

- өзіндік дербес ойлау;
- ақпарат сыни ойлаудың соңғы аялдама-сы болып табылмайды және ол үздіксіз;
- сыни ойлау шешуді талап ететін сұрақ қою мен проблеманы анықтаудан басталады;
- сыни ойлау тұжырым жасауға ұмтылады;
- сыни ойлау – ол әлеуметтік ойлау.

Енді сынтұрғысынан ойлау технологиясының кезеңдеріне қатысты зерттеуші ғалымдардың ой тұжырымдарын сараласақ, тұжырымды түрде негізгі үш кезеңге сәйкес қарастыратындығын көре аламыз, олар:

I кезең – Ой шақыру: бар білімді өзектендіру; жаңа ақпарат алуға қызығушылықты ояту; білім алушының өз мақсатын қоюы;

II кезең – Мазмұнын ұғыну: жаңа ақпарат алу; білім алушының қойған мақсатына түзету енгізуі;

III кезең – Рефлексия: ой қорыту, жаңа білім туындауы; білім алушының оқытудың жаңа мақсаттарын қоюы.

Біз зерттеу жұмысымызда ресей ғалымы С.И.Зайр-Бектің сын тұрғысынан ойлау техно-логиясын әр кезеңіне сәйкесті қолданылатын әдіс-тәсілдерге сүйендік (кесте 1).

1-кесте – Сын тұрғысынан ойлау технологиясы кезеңдері, әдістемелік тәсілдеріне сипаттама

| Ой шақыру | Оқытушының әрекеті | Білім алушы әрекеті | Қолданылатын әдіс- тәсілдер |
|--|---|---|--|
| 1.Ой шақыру | Білім алушыларда оқытылатын тақырып бойынша бар білімді ашуға, оны белсендіруге және меңгеруге деген ынтасын арттыруға бағытталған | Білім алушы оқытылатын тақырып бойынша оған не белгілі екенін «есіне түсіреді», (болжам жасайды), жаңа материалды оқығанға дейін ақпаратты жүйелейді, жауап алғысы келетін сұрақтар аясында ой қозғайды | Белгілі ақпараттар» тізімін құру»: түйінді сөздер бойынша әңгіме-болжам; материалды жүйелеу (графикалық): кластерлер, кестелелер; Дұрыс және дұрыс емес тұжырымдар; Шатасқан логикалық тізбектер және т.б. |
| <i>Ой шақыру кезеңінде алынған ақпарат тыңдалады, жазылады, талқыланады. Жұмыс жеке, жұптық немесе топтық түрде жүргізіледі. Басты ереже: «айтылған әрбір пікір құнды»</i> | | | |
| 2.Мазмұнын ұғыну | Жаңа ақпаратпен жұмыс істеуде тақырыпқа қызығушылық сақсактауға, біртіндеп «ескі» білімнен «жаңа» білімге жылжу | Білім алушы мәтінді оқиды, тыңдайды және жаңа ақпаратты ұғыну өлшеміне қарай белгілеп отырады (мен үшін жаңа ақпарат т.б.) | Оқылымның белсенді әдістері : Инсерт (√ – бұны мен білемін; + мен үшін жаңа ақпарат; – менің ойлағаным қайшы келеді; ? – ақпарат түсініксіз немесе жеткіліксіз) мәтінді оқу барысында парақтың оң жағына белгі қою; түрлі жазудың түрлерін (борттық журнал, екі қабатты күнделік, т.б.) жүргізу; бірінші кезеңде қойылған сұрақтарға жауаптар іздеу. |
| Мазмұнын ұғынуда жаңа ақпаратпен тікелей жұмыс істеу (мәтін, фильм, лекция, көрнекі материалдар т.б.). Жұмыс жеке немесе жұппен жүргізіледі. | | | |
| 3. Рефлексия | Оқытушы білім алушыларды алғашқы болжам жазуға бұру; өзгеріс, толықтыру енгізу; ақпаратты зерттеу негізінде шығармашылық, зерттеу немесе практикалық тапсырмалар беру | Білім алушы мазмұнын ұғыну кезеңінде алған білімдерін пайдаланып, «жаңа» ақпаратты «ескі» ақпаратпен салыстырады. | Кестелерді, кластерлерді толтыру. Ақпараттың блоктары арасындағы себеп – салдарлық байланысты анықтау. Түйінді сөздерге, дұрыс және дұрыс емес тұжырымдарға, қойылған сұрақтарға оралу. Ауызша, жазбаша дөңгелек үстел, түрлі пікір талас түрлерін ұйымдастыру. |
| <i>Рефлексия кезеңінде оқылған ақпаратты талдау, шығармашылық өңдеу, интерпретация жүргізіледі. Жұмыс жеке немесе жұппен жүргізіледі.</i> | | | |

Зерттеу нәтижелері

Тәжірибелік жұмыс 2022-2023 оқу жылында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің «6В01513 -Био-

логия» мамандығының 3 курс студенттерімен «Инклюзивті білім беру» пәні негізінде жүргізілді. Зерттеуге төрт оқу тобы, барлығы 102 студент қамтылды. 5 ECTS кредиттік сағат құрайтын

бұл пәннің дәріс, семинар сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясының тәсілдері топтық жұмыс түрінде кеңінен қолданылды. Сонымен қатар оқытушымен бірлескен өз бетімен жұмыс, студенттің өз бетімен жұмыстарында да өз жалғасын тауып, презентация, баяндама жасау, эссе жазу, сабақ жоспарын құру, сұрақтар, тест тапсырмаларын құру және т.б. шығармашылық мазмұндағы жұмыстарымен ұштастырылды.

Енді қысқаша сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясындағы тәсілдерге сипаттама беріп, ұйымдастырылған топтық жұмыс мазмұнына тоқталып өтсек. Сонымен қатар бұл технологияның әр кезеңіне сәйкес берілген тапсырма түрлері де баяндалады.

Білім алушыларға сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясындағы тәсілдер бойынша берілген тапсырмаларды орындау бары-

сында оқытушы тарапынан психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жұмысы ең басты орын алды. Бұл бағытта таныстырылатын тәсіл туралы нақты мәлімет, түсініктеме беру, оның үлгісін ұсыну, топтық жұмыстарға басымдылық беру, жағымды психологиялық ахуал тудыру мәселелері жан-жақты ескерілді.

Сабақ басында «ой шақыру» кезеңінде студенттердің жаңа тақырып бойынша білетін білімдеріне, мағлұматтарына негізінде мәліметтер жинақталып, ол мұғалімнің басшылығымен жаңа деректермен толықтырылды. Мысалы, «Денотат графы» тәсілі.

Денотат граф (лат. *Denoto* — таңбалаймын және греч. *Grapho* — жазамын) – мәтіннен кілттік сөздердің мәнді белгілерін бөліп алу тәсілі. Бұл тәсіл білім алушыға ақпаратты ұғынуды үйретуді көздейді. Мысалы, сыни ойлаудың денотат графы (1-сурет):



1-сурет – Сыни ойлаудың денотат графы

Әдістемелік нұсқау: денотат графты құру алгоритмі:

1. *Негізгі ұғымды* парақтың ортасына жазу (мысалы, адам т.б.)

2. Одан ұғымға тән негізгі әрекеттер мен қатынастарды ашатын *етістіктер* тармақталады

(мысалы, таниды, қорғайды, үйренеді т.б.)

3. Етістіктерден негізгі ұғым байланысатын ұғымдар мен байланыстар *«есім сөздер бұтақтары»* тарайды (мысалы, қоршаған әлемді, табиғат заңдылықтарын; табиғатты т.б.)

Топтық жұмыс. «Инклюзивті білім беру» денотат графын құру. Білім алушылардың жасақтаған графтары талданып, ортақ сұлбасы келесі мазмұнда ұсынылды (2-сурет).




2-сурет – Инклюзивті білім беру денотат графы

Дәріс барысында жоғарыда айтылған үш кезеңде қолданылатын әдіс-тәсілдерді нақты қолданысқа енгізе отырып, оларды практикаға бағдарланған мазмұндағы тапсырмалармен ұштастыру жағы да ескерілді. Мысалы, бірінші «**Ой шақыру**» кезеңінде «таразыға өлшеу» тәсілімен бастап, бұнда «ҚР-да инклюзивті білім

берудің қажеттілігі» мәселесін ашуға берілген топтық жұмыс түрінде орын алды. Тақтаға келесі мазмұндағы презентация ұсынылды.

3. *Ой шақыру.* Түйінді сөздер – етістіктерді қолданып, «ҚР-да инклюзивті білім берудің қажеттілігі» мәселесін ашу («+», «-») «таразыға өлшеу», сурет 3).



3-сурет – Таразыға өлшеу тәсілі

Білім алушылар ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерді (100%) инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалуы тиіс және педагогтерді даярлау қажеттілігі міндеттелгендігін баса көрсете келе және әлемдік тәжірибеге талдау негізінде «таразыны» төмендегі мазмұнда толтырды.

- Елімізде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың жылдан-жылға артуы
- Ерекше білім берілу қажеттілігі (ЕББК) бар балалардың әлеуметтік ортадан оқшау қалуы;

- Әлемдік тәжірибеге сәйкес (АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Испания, Финляндия, Германия, Италия, Австралия т.б.) түрлі бұзылыстары балаларды қалыпты дамыған құрдастарымен бірге табысты оқыту мүмкіндігі;
- Барлық балалардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін кеңейтіп, толеранттылық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, дамытуы.
- Инклюзивті білім беруді қажет ететін балаларды сүйемелдеуде осы саладағы арнайы педагог-мамандардың жетіспеуі
- Мұғалімдер, ата-аналар, білім алушылар тарапынан арнайы психологиялық-педагогикалық дайындық қажеттігі

- Білім берудің жаңа бағыты арнайы жабдықталған инклюзивті ортаны, жетілдірілген әдістемені талап етуі
- Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалардың білімін бағалау қиындығы

2. Ұғыну кезеңі. «Фишбон» тәсілі. Топтық жұмыс. «ҚР-да инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайы» атты тақырыпта фишбон құру.

«Фишбон» (балық қаңқасы) тәсілі. Негізін салған жапондық профессор Ишикавы (Исикавы). Балық қаңқасын төрт блок құрайды: бас, құйрық, жоғарғы және төменгі сүйектер.

Фишбон құрылымы: *бас* – бұл талдауға, салыстыруға, талқылауға жататын проблема, сұрақ, тақырып; *жоғарғы қатардағы сүйектер* – тақырыптың негізгі ұғымдары, проблемаға әкелген себептер; *төменгі қатардағы сүйектер* – құрастырылған себептерді дәлелдейтін деректер; *құйрық* – қойылған сұраққа жауап, тұжырым, жалпылау, қорытынды.


Ерекшелігі – түйінді ұғымдарды және олардың арасындағы логикалық байланысты ашып, тақырыптың оқу материалын ұсынуға көмектесетін ақпараттың графикалық түрі; есте сақтауға қажетті ақпарат көлемін қысқартады; сыни ойлаудың көрнекі мазмұндық формасын дамытуға арналған.

Әдістің басты мәні – талдау нысаны мен таңдау жасауға әсер ететін факторлар арасындағы себеп-салдарлық өзара байланыстарды анықтау;

ол ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын және проблемаларды қойып, шеше білу білігін дамытуға бағытталған.

2.3 Презентация жасап, таныстырады (сурет 4).

«ҚР-да инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайы» тақырыбындағы топтық жұмысты қорғау барысында бірінші себеп – бұл бүгінгі таңда арнайы білім беру ұйымдарын атап өтті. Оған дерек ретінде Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы базасында «Инклюзивті білім беруді дамытудың республикалық орталығының нормативтік-құқықтық базаны толықтырып, оқу-әдістемелік, көмекші нұсқау құралдарымен қамтамасыз етудегі жүйелі жұмысымен дәлелдеді. Екінші себеп -ерекше білім беруді қажет ететін балаларды мемлекеттік қолдау жүйесінің қызметі аталды. Оның келесі деректермен негіздеді: I деңгей -психофизикалық бұзылуларды ерте анықтау, скрининг (Алғашқы медициналық-санитарлық көмек мекемесі); II деңгей – психофизикалық дамуды тереңдетілген тексеру (Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация); III деңгей – психологиялық-педагогикалық көмек (Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, Оңалту орталықтары); IV деңгей – Оқыту және тәрбиені қамту (Арнайы балабақшалар мен мектептер, Жалпы білім беретін мектептер, балабақшалар).



4-сурет – Фишбон тәсілі «ҚР-да инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайы»

Рефлексия кезеңі

Бұл кері байланыс, білім алушылардың алған білімдерінің көрініс табатын кезеңі. Осыған орай, топтық жұмыстар қалыпты балалар үшін

инклюзивті білім беру ортасының мүмкіндіктері» бойынша жағымды және жағымсыз денотат графтарын құрастырып, ол келесі құрылымдық мазмұнда болды (сурет 5, сурет 6).



5-сурет - Жағымды денотат граф



6-сурет – Жағымсыз денотат граф

Сонымен қатар білім алушылар инклюзивті білім беру ортасының жағымды және жағымсыз денотат графын құра отырып, бұл жаңа ортаның қалыпты балалар үшін де тиімді, тиімсіз жақтарын тұжырымдады.

Қалыпты балалар үшін тиімді жағы:

- Эмпатияның, «ерекше балаларға» толерантты көзқарастың дамуы және оларды қоғамның толыққанды және тең мүшелері ретінде қабылдауы;
- ЕББҚ балалармен әлеуметтік қарым-қатынастың кенеюі, танымдық белсенділіктері артуы;

- Достық, жолдастық көмек көрсету арқылы адамгершілік қабілеттерін, өзбетіндік дербестікті дамытуы;
- Қоршаған орта адамдарын бағалай біліп, қолдау көрсетуге үйретуі.

Қалыпты балалар үшін тиімсіз жағы:

- Түрлі зақымдану сипатындағы балалардың дені сау балаға зақым келтіру қаупі;
- Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларға еліктеу негізінде қалыпты баланың сөйлеу тілінің бұзылыққа ұшырау қаупі;

• Сабақта мұғалімнің уақыты барлық қалыпты балалармен жұмыс істеуге жетіспей қалуына әкелуі.

Нәтижелерді талдау

Алғашқы зерттеу жұмысының басында сұрақ-жауап әдісі, авторлық сауалнама, тест жұмыстары арқылы білім алушылардың инклюзивті білім беру, сын тұрғысынан ойлау технологиясы және оның әдіс-тәсілдері туралы мағлұматтарын анықтап алуға арналған жұмыстар орын алды.

Бастапқы кезеңде жүргізілген сұхбат барысы бізге студенттердің көпшілігінің «Инклюзивті білім беру» пәнін оқуға, инклюзивті білім берудің теориялық-практикалық аспектілерін жете меңгеріп, оны болашақ кәсіби қызметінде қолдануға деген ынтасы, қызығушылығы басым екендігін көрсетті. Алайда сауалнама барысында

инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық құжаттары туралы, сыни ойлау дағдылары, сын тұрғысынан ойлау технологиясы мен әдіс-тәсілдері туралы ішнара ғана мағлұматтары болғанымен, нақты теориялық білімдері жеткіліксіздігін және оны күнделікті практикада қолдану тәжірибесі де жоқтығы байқалды.

Бұл алынған алғашқы зерттеу қорытындылары тәжірибелік жұмыстың келесі кезеңдерінде ескеріліп, оны толықтыруға, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға баса назар аудару қажеттігін дәлелдеді.

Біз білім алушылардың сыни дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтауда ағылшын ғалымы Литер Старкидің өңделген диагностикасына сүйендік [20]. Бұнда сыни дағдылар алты түйінді танымдық дағдыларға топталды, олар: интерпретация, талдау, бағалау, тұжырымдар құру, түсіндіру, өзін-өзі реттеу. Бұл дағдыларға толық мазмұндық сипаттама келесі кестеде берілген (кесте 2).

2-кесте – Сын тұрғысынан ойлау дағдыларына сипаттама

| N | Сын тұрғысынан ойлау дағдылары | Мазмұндық сипаттама |
|---|--------------------------------|--|
| 1 | Түсіну | Құбылыстардың, жағдаяттың түрлі мазмұндық мәнін түсіну және жеткізе білу қабілеті, келесі субдағдыларды қамтиды:топтау, қайталау, мәнін айқындау. |
| 2 | Талдау | Тұжырымдар, сұрақтар, ұғымдар, сипаттамалар ішінен логикалық байланыстарды анықтау қабілеті; келесі субдағдыларды қамтиды: идеяларды тексеру, аргументтерді табу, аргументтерді талдау. |
| 3 | Бағалау | Тұжырымдарды аналитикалық бағалау қабілеті, келесі субдағдыларды қамтиды: тұжырымдарды бағалау, аргументтерді бағалау |
| 4 | Тұжырым | Қорытынды жасау қабілеті, келесі субдағдыларды қамтиды: дәлелдемелерді нақтылау, баламаларды болжау, қорытынды құру. |
| 5 | Түсіндіру | Пайымдаулар құру және түсіндіру қабілеті, нанымды дәлелдерді қолдана отырып, пайымдаулар ұсыну, келесі субдағдыларды қамтиды: нәтижелерді ұсыну, әдістер мен процедураларды түсіндіру және негіздеу, аргументтерді келтіру |
| 6 | Өзін-өзі реттеу | Танымдық іс-әрекетті басқару қабілеті, келесі субдағдыларды қамтиды: өзін-өзі тексеру, өзін-өзі түзету |


Енді сын тұрғысынан ойлау дағдыларының қалыптасуына қатысты тәжірибелік эксперимент басында және аяғында алынған нәтижелерге са-

лыстырмалы талдау жасасақ, елеулі сапалық өзгерістерді төмендегі кесте және график түрінде көре аламыз (кесте 3, сурет 8,9).


3-кесте – Сын тұрғысынан ойлау дағдыларының қалыптасуы

| N | Сын тұрғысынан ойлау дағдылары | Тәжірибе басында (%) | | | Тәжірибе соңында (%) | | |
|---|--------------------------------|----------------------|--------|-------|----------------------|--------|-------|
| | | Жоғары | Орташа | Төмен | Жоғары | Орташа | Төмен |
| 1 | Түсіну | 18 | 51 | 31 | 35 | 45 | 20 |
| 2 | Талдау | 24 | 36 | 40 | 40 | 42 | 18 |

| | | | | | | | |
|---|-----------------|----|----|----|----|----|----|
| 3 | Бағалау | 28 | 42 | 30 | 46 | 42 | 12 |
| 4 | Тұжырым | 38 | 44 | 18 | 50 | 40 | 10 |
| 5 | Түсіндіру | 24 | 52 | 26 | 44 | 44 | 12 |
| 6 | Өзін-өзі реттеу | 35 | 35 | 30 | 52 | 38 | 10 |



7-сурет – Тәжірибе басында



8-сурет – Тәжірибе аяғында

Кестеден мен суреттен байқап отырғанымыздай, тәжірибе басында және аяғында алынған көрсеткіштерде сапалық деңгейде өзгерістер бар екендігіне көз жеткіземіз. Соның ішінде жоғары деңгейдегі пайыздық көрсеткіштерге тоқталсақ, мысалы, түсіну дағдысы 18 % -35 % -ға, талдау 24 % – 40% -ға, бағалау 28 % -46% -ға, тұжырым 38% - 50% -ға, түсіндіру 24% -44% -ға, өзін-өзі реттеу 35% -

52% -ға өскендігін байқаймыз. Бұл ең алдымен, жүйелі түрде орын алып, тиімді қолданыс тапқан сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдері кешені нәтижесі екендігін нақты айта аламыз. Бұған қоса оның дәйекті дәлелі – тәжірибе аяғында қайта жүргізілген сауалнамада білім алушылар «Инклюзивті білім беру» пәнін меңгеріп қана қоймай, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, оның тиімді әдіс-тәсілдері

туралы толық мәлімет алып, теориялық білім мен практикалық тәжірибе жинақтағандары туралы берген сұхбаттары. Мысалы, студент Ә. ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілетін оқу-тәрбие, түзету-дамыту жұмыс мазмұны берілетін білімді топтық жұмысқа бағытталған инновациялық технологиялар, тиімді әдістер арқылы түсінікті де жеңіл меңгергенін баяндады. Ал студент К. мектепке практикаға барғанда белсенді әдістердің кейбіреуін ғана қолданғанын, алайда сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімді әдіс-тәсілдерін жаңадан меңгеріп, үйренгендігін және оны басқа сабақтарда қолдануға құлшынысы жоғары екендігін түйіндеді. Сондай-ақ студент Ж. кері байланыс кезінде өзінің бойында пайда болған басты қандай өзгерістерді байқадың? деген сұраққа ең алдымен, жеке пікірімді өзіндік сынауға бой бермей, көпшілікке ұсынуды, оны қорғай білуді және әрбір жағдаятта сенімді түрде оңтайлы шешім қабылдауға үйренгендігімен бөлісті.

Сонымен қатар сабақ кезінде пікір-талас (дискуссия) түріндегі сабақтар кеңінен қолданыс тапты. Өйткені бүгінгі жүйелілік, әрекеттік тұғырға негізделген оқыту әдіснамасы білім алушылардың танымдық белсенді әрекетін, практикаға бағдарланған оқытуды талап етеді.

Бұнда топ мүшелері талқынатын мәселені қолдау және қарсы тұжырым аргументтерін айқындауы тиіс. Қатысушылар сурет қиындыларын құрастыру арқылы 3 топқа бөлінеді, яғни:

- 1 топ – көзқарасты қолдайтындар;
- 2 топ – тұжырымға қарсылар;
- 3 топ – бағалаушы эксперттер)

Мысалы, «Инновациялық технологияларға құрылған белсенді сабақ» тақырыбындағы топтар жұмыс қорытындысында қолдау және қарсы аргументтеу пікірлері көрініс тапты. Мысалы, қолдау тобы студенттері өз аргументтерін келесі мазмұнда ұсынды:

- студент талқылауда өз жолдастарын тыңдап, өз көзқарасымен салыстырып, өзгелер пікірін ескеріп қорытады және ол міндетті түрде білім сапасына оңтайлы әсер етеді;
- зерттеу жұмыстарына негізделген белсенді сабақтардың нақты және өзі үшін практикалық тұрғыдан пайдалы тәжірибе жинақтайды;
- бұндай сабақта студент белсенді, өз бетімен әрекеттенеді, бұл сабақ тиімділігін және білім сапасын арттырады;

- белсенді сабақтар педагогтің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіруді қажет ету негізінде педагогтің кәсіби құзыреттілігін шыңдай түседі.

Қарсы топ студенттері өз аргументтерін төмендегіше тұжырымдады:

- белсенді сабақ түрі көп уақытты қажет ететіндіктен, ол оқытушы жұмысына қосымша жүк салып, оның жұмыс сапасына кері әсерін тигізеді;

- топтық жұмыста берілетін тапсырмаларды орындау кейбір білім алушылардың пассивті болуына себепші болады;

- белсенді сабақтарды үздіксіз қолдану жағдаяттың бақылаудан шығып кету, сабақ мақсатынан ауытқу қаупін тудырады;

- қызықты сабақ түрімен әуестену сабақ мазмұнының ғылымилығының және жалпы білім сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Пікір-таласқа құрылған сабақтың басты тиімділігі - бұл сенім қалыптастырудың ең тиімді тәсілі, себебі оның басты мақсаты түрлі пікірлерді нақтылау және салыстыру, шынайы пікірді іздеу және табу, даулы мәселенің дұрыс шешімін табу.

Біздіңше, бұл сабақ түрінің басты тиімділігі – бұл құзыретті және нәтижелі талқылай білу, дәлелдеу және сендіру, өз көзқарасын аргументті түрде қорғай алу және қарсыластың пікірін жоққа шығару дағдысын қалыптастыруы. Сондықтан да білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын жетілдіруде пікір-талас сабақтың маңыздылығы мен қажеттілігі орасан зор деп тұжырымдай аламыз және ол өз тиімділігін дәлелдеді.

Қорытынды

Біз зерттеу жұмысымызда ресей ғалымы С.И.Зайр-Бектің сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясындағы білім алушылардың білімдерінің даму механизмін нақтылаған пікірін толықтай құптап, өз тәжірибемізде ескеруге тырыстық, олар:

- Бірінші кезеңде білім алушыда бар білімді өзектендіру, жетіспейтін білімді және қиындықтарды анықтауға мүмкіндік беретін сұрақтар құрастыру, басты нәтиже – бұл оқу іс-әрекетінің нақты мақсатын қоюға бағдарлану жұмысының орын алуы көзделді.
- Екінші кезеңде жаңа ақпаратпен танысу, оны бар біліммен сәйкестендіру, сұрақтарға жауап іздеу, қиындықтарды, қарама-қайшылықтарды анықтау арқылы мақсаттарға

түзету енгізу жұмыстарын жандандыруға баса назар аударылды.

• Үшінші кезеңде жаңа ақпаратты жүйелеу және біріктіру, оны бағалау, алдыңғы қойылған сұрақтарға жауап іздеу, сұрақ құрастыру, оқу іс-әрекетінің жаңа мақсаттарын қоюға бағыттау, жетелеу және қолдау көрсету жұмыстары жүргізілді.

Сын тұрғысынан ойлауға берілген отандық, шетелдік ғалымдардың анықтамалары оны әр қырынан ашуға тырысқанымен, түп мазмұны жағынан ұқсастығын байқай аламыз. Бұл орайда біз толықтай Н.Т.Бактың берген анықтамасына сүйендік.

Тәжірибелік жұмыс барысында «Инклюзивті білім беру» пәнінде сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану болашақ педагогтарға инклюзивті білім беру құндылықтарын оңтайлы қабылдауға, инклюзивті білім берудің әдіснамалық-теориялық негіздерін меңгеру отырп, инклюзивті саясат, инклюзивті мәдениет, инклюзивті тәжірибе туралы білімдерін толықтырудағы ролі зор екендігін анықтадық. Сонымен қатар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың көп түрлігін ресурс ретінде қабылдауға, мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық қолдауды деңгейлік тұрғыда жоспарлауға, сабақ барысында көп деңгейлі тапсырмаларды құрастыру, оқытудың балама әдістерін шығармашылықпен қолдануға қолайлы да жағымды орта құра отырып, сапалы жүзеге асуына толық мүмкіндік беретіндігі дәлелденді.

Зерттеу жұмысымыздың қорытынды нәтижелері мен жинақталған тәжірибе бізге келесі әдістемелік нұсқау – ұсыныстарды жасақтауға негіз болды:

1. Ой шақыру кезеңінде мотивациялық, ақпараттық, коммуникативтік компоненттердің бірлескен жүйелі жұмысын жоспарлау. Яғни жаңа ақпаратпен жұмысқа деген қызығушылығын ояту, бағыттау; тақырыпқа қатысты бар білімді сенімді түрде ұсынып, «жарыққа» шығару; білім алушылардың өзара түсіністікпен, шиеленіссіз пікір алмасуын қамтамасыз ететін жағымды психологиялық орта құру.

2. Мазмұнын ұғыну кезеңінде (мотивациялық) оқылатын тақырыпқа деген қызығушылығын сақтаумен қатар, ақпараттық және жүйелілік компоненттердің басымдылығы жоғары көрініс табуы тиіс. Яғни тақырып бойынша жаңа ақпарат алу, оның тиімді көздері туралы мағлұмат жинақтау және алынған ақпаратты білім категориясына қарай топтау, саралау сияқты жұмыс түрлерін қамтитын ақпараттық орта құрылу қажет.

3. Рефлексия кезеңі коммуникативтік, ақпараттық, мотивациялық, бағалау компоненттерінің өзара үйлесімді, бір-бірін толықтыру сипатындағы жұмыс мазмұнын құрайды: жаңа ақпарат туралы пікір алмасу, жаңа біліммен толығу, ақпараттық кеңістікті кеңейтуге талпыныс жасауға, жаңа ақпарат пен бар біліммен салыстырмалы талдауға, өзіндік бағалау ұстанымын құруға итермелейтін дамушы орта құру.

4. Инклюзивті білім беру» пәнінде сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану әдістемесі басқа пәндерде де кеңінен қолданыс тапса, өйткені бір пән шеңберімен шектелу сапалық деңгейде нәтижесін бермейтіндігі анық. Өйткені болашақ маман инклюзивті білім беру мен сандық технологиялардың қарқынды дамыған ғасырында қызмет атқаратын педагог екенін ескерсек, бұл мәселенің салмақтығы мен құндылығы арта түседі.

Әдебиеттер

1. Намазбаева Ж. И., Жақесова А. Ә. Инклюзивті білім беру жағдайында сөйлеу тілінде ауыр бұзылыстары бар бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтік оңалту //Вестник КазНПУ имени Абая серия «Специальная педагогика». – 2023. – Т. 72. – №. 1. – С. 14-19.
2. Мовкебаева З.А., Дүйсенбаева Б.А. Инклюзивті білім берудегі арнайы оқытушының құзыреті. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Хабаршысы. –2021. – №1. – С.47-55.
3. Сатова А. К., Төлеубаева А. А. Особенности групповой работы логопеда и педагогов в условиях инклюзивного образования //Вестник КазНПУ имени Абая серия «Специальная педагогика». – 2023. – Т. 73. – №. 2. – С. 44-48.
4. Жиенбаева Н. Б., Тұрсынғали Н. Б. Инклюзивті білім беру ортасында сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері //Вестник КазНПУ имени Абая серия «Специальная педагогика». – 2023. – Т. 72. – №. 1. – С. 40-46.
5. Шадырова А., Абаева Г., Бутабаева Л. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің қалыптасуы және қазіргі жағдайы: қазақстан республикасында инклюзивті білім берудің қалыптасуы және қазіргі жағдайы //Вестник. Серия «Психология». – 2022. – Т. 73. – №. 4.

6. Аутаева А.Н., Рсалдинова А.К., Сардарова Ж.И., Кемешева А.М. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагогтердің кәсіби қызметке дайындығын қалыптастыру. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Хабаршысы «Педагогика.Психология.Әлеуметтану сериясы.–2022. –№ 1 (138). – Б.254-266.
7. Искакова А.Т., Мовкебаева З.А., Закаева Г., Айтбаева А.Б., Байтурсынова А.А. Инклюзивті білім беру негіздері. Оқу құралы. -Алматы: ЖК «Балауса», 2016. -Б.320.
8. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың оқыту үдерісіне тиімді әдістер мен технологияларды енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар.- Астана:Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.-216 б.
9. Темпл Ч., Дж.Стилл, Мердит К. Сабақтарды жоспарлау және бағалау. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген IV-құрал.-Алматы, 1998. -Б.55
10. Халперн Д. Психология критического мышления \пер.Н.Мальгина, С.Рысев, Л.Царук.- Изд-во.4-е международное.- СПб.:Питер, 2000.-С. 512
11. Бак Н. Т. Исследование некоторых инструментов оценки критического мышления студентов в университетах // Психология и педагогика служебной деятельности. – 2022. – №. 4. – С. 92-95.
12. Клустер Д. Что такое критическое мышление? //Критическое мышление и новые виды грамотности.–М.: ЦГЛ. – 2005. – Т. 57.
13. Заир-Бек С. И., Муштавинская И. В. Развитие критического мышления на уроке. – 2004.
14. Загашев И. О., Заир-Бек С. И. Критическое мышление: технология развития. – 2003.
15. Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту:пед.ғыл.док.... дис.-Алматы:Абай ат.ҚазҰПУ, 2003.-Б.144
16. Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы: пед.ғыл.док. ...дис.:13.00.01.-Алматы, 2009. -Б. 157.
17. А.К.Мынбаева, З.М.Садвақасова. Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения. Учебное пособие, Алматы, 2013. -226 стр.
18. Ташетов А.А. Болашақ педагог-психологтардың сыни ойлауын дамытуда медиа-ресурстарды пайдаланудың ғылыми-тәжірибелік негіздері:филос.док.ғыл. ...дис.-Алматы, 2017.- Б.171
19. Л.М.Искакова. Болашақ мамандардың зияткерлігін дамытуда сыни ойлау технологиясын пайдаланудың тиімділігі \Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. –2018. –N2 (70). –Б.3-9.
20. Starkey L. Critical thinking skills success. NY: Learning Express, LLC, 2004.-P.169

References

- Amirova A. S.(2009). Bastauys synyp oquşylarynyñ şyğarmaşylyq is-äreketin qalyptastyruyñ teoriasy men praktikasy: ped. ғыл.dok. [theory and practice of the formation of creative activity of Primary School students: PED.science.Doc. ...dis.:13.00.091.] (in Kazakh)
- Autaeva A. N., Rsaldinova A. K., Sardarova Zh.I., Kemesheva A.M.(2022). İnklyuzivti bilim beru jağdaiynda bolaşaq pedagog-tardyñ käsibi qyzmetke daiyndyğyn qalyptastyru [Formation of readiness of future teachers for professional activity in the context of Inclusive Education]. Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University “pedagogy.Psychology.Sociology series, 1 (138), 254-266 p. (in Kazakh)
- Bak N.T.(2022). İssledovanie nekotoryh instrumentov osenki kriticheskogo myşlenia studentov v universitetah [Research of some tools for assessing critical thinking of students at universities] .Psychology and pedagogy of service activities, 4, 92-95 (in Russian)
- Development of methodological recommendations for the introduction of effective methods and technologies in the educational process of children with special educational needs. Methodological recommendations.- National Bank of the Republic of Kazakhstan named after I. Altynsarin.[Erekeşe bilim berilune qajettılıgı bar balalardyñ oqytu üderisine tiimdi ädister men tehnologialardy engizu boynşa ädistemelik üsynymdardy äzirleu. Ädistemelik üsynymdar.- Astana:Y.Altynsarin atyndağy ŪBA] (Astana, 2019,216 p.) (in Kazakh)
- Halpern D.(2000). Psihologia kriticheskogo myşlenia [Psychology of critical thinking \trans.N.Malgina, S.Rysev, L.Tsaruk.- Publishing house. 4th international.-St.Petersburg.], 512 p. (in Russian)
- Iskakova A. T., Movkebaeva Z. A., Zakaeva G., Aitbaeva A. B., Baitursynova A. A.(2016). İnklyuzivti bilim beru negizderi. Oqu qūraly. [fundamentals of Inclusive Education. Training manual].Almaty: IP “Balausa” (in Kazakh)
- Kluster D(2005). Chto takoe kriticheskoe myşlenie? [What is critical thinking? Critical thinking and new types of literacy], 5-13. (in Russian)
- Iskakova L.M. (2018). Bolaşaq mamandardyñ ziatkerlıgın damytuda syni oilau tehnologiasyn paidalanudyñ tiimdılgı [The effectiveness of the use of critical thinking technology in the development of intelligence of future specialists \Bulletin of the West Kazakhstan State University. Series “pelagogical Sciences”.- (Uralsk: M. Utemisov WKSU, 2018. – N2 (70).-3-9 p.) (in Kazakh)
- Movkebaeva Z. A., Duisenbayeva B. A.(2021). İnklyuzivti bilim berudegi arnaiy oqytuşynyñ qūzireti. [competence of a special teacher in Inclusive Education]. Bulletin of the Kazakh National Women’s teacher training University ,1, 47-55 . (in Kazakh)
- Mynbayeva A.K., Sadvakasova Z.M.(2013). İskustvo preodavania: konsepsii i innovasionnye metody obuchenia. Uchebnoe posobie [The Art of overcoming: concepts and innovative teaching methods. Textbook.]

Namazbaeva Zh. I., Zhakesova A. A.(2013). Inklüzivті bilim beru jaǵdaiynda söileu tilinde auyr büzylystary bar bastauyş synyp oquşylaryn әleumettik oñaltu [Social rehabilitation of Primary School students with severe speech disorders in the context of Inclusive Education]. Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, series “special pedagogy”,1, 14-19.(in Kazakh)

Satova A. K., Tuleubaeva A. A.(2023). Osobenosti grupovoi raboty logopeda i pedagogov v usloviah inklüzivnogo obrazovania [Features of group work of speech therapy teachers in the context of Inclusive Education]. Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, series “special pedagogy”, 2, 43-49 . (in Russian)

Shadyrova A., Abayeva G., Butabayeva L.(2023). Qazaqstan respublikasynda inklüzivті bilim berudiñ qalyptasuy jáne qazırgı jaǵdaiy: qazaqstan respublikasynda inklüzivті bilim berudiñ qalyptasuy jáne qazırgı jaǵdaiy [The Establishment and modern education of inclusive education in the Republic of Kazakhstan]. Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University series “Psychology”. 4 ,35-43 . (in Kazakh)

Starkey L.(2004) .Critical thinking skills success. (in Russian)

Tashetov A. A.(2017). Bolaşaq pedagog-psihologtardyñ syni oilaun damytuda media-resurstarty paidalanudyñ ǵylymi-tәjiribelik negizderi [Scientific and practical foundations of the use of media resources in the development of critical thinking of future teachers-psychologists:Philos.Doc.science. ...dis.] (in Kazakh)

Temple Ch., J.Still, Meredith K.(1988). Sabaqtardy josparlau jáne baǵalau. «Syni oilaudy oqu men jazu arqyly damytu» jobasy üşin әзіrlengen IV-qural [lesson planning and evaluation. IV-tool developed for the project” development of critical thinking through reading and writing”]. Almaty, 1998. -55 p. (in Kazakh)

Turgunbaeva B. A.(2003). Biliktіlікті arttyru jüiesinde mұǵalımderdіñ şyǵarmaşylyq әleuetin damytu:ped.ǵyl.dok....dis [development of the creative potential of teachers in the system of advanced training: PED.science.Doc....dis.- Almaty: Abay,Kaznpu] (in Kazakh)

Zagashev I.O., Zair-Bek S.I.(2003). Kriticheskoe myshlenie: tehnologiya razvitia. [Critical thinking: technology of development]. (in Russian)

Zair-Bek S.I., Mushtavinskaya I.V.(2011). Razvitie kriticheskogo myshlenia na uroke. [Development of critical thinking in the classroom: a manual for teachers.-FGOS; Publishing house:Enlightenment].Moscow, 223 p. (in Russian)

Zhienbayeva N. B., Tursyngali N. B.(2023). Inklüzivті bilim beru ortasynda söileu qabileti büzylǵan balalardyñ әleumettik beimdelu erekşelikteri [Features of social adaptation of children with speech disorders in the environment of Inclusive Education]. Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, series “special pedagogy”. 1, 40-46. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Сардарова Жаннат Исмагуловна (корреспондент автор) – Педагогика ғылымдарының докторы, «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасының профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Алматы қаласы, Қазақстан, эл.почта: sardar.Zh@mail.ru)

Кисметова Галия Нагибудаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының доценті, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (Орал қаласы, Қазақстан, эл.почта: galiya-1969@mail.ru)

Нурушева Тамара Ивановна – «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (Орал қаласы, Қазақстан, эл.почта: tamara.ivanovna.nurusheva@gmail.com)

Кадыргалиева Сауле Исламовна – Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (Орал қаласы, Қазақстан, эл.почта: saule0312@mail.ru)

Гауриева Гулжан Мухаметкалиевна –«Шетел тілдері» білім беру бағдарламасының профессор м.а., Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қаласы, Қазақстан, эл.почта: gaurieva@yandex.ru)

Сведения об авторах:

Сардарова Жаннат Исмагуловна (корреспондентный автор) – Доктор педагогических наук, профессор образовательной программы «Специальная педагогика», Казахский педагогический университет им.Абая (г.Алматы Казахстан, эл.почта: sardar.Zh@mail.ru)

Кисметова Галия Нагибудаевна -кандидат педагогических наук, доцент образовательной программы «Иностранный язык: два иностранного языка», Западно- Казахстанский университет имени М. Утемисова (г. Уральск Казахстан, эл.почта: galiya-1969@mail.ru)

Нурушева Тамара Ивановна – старший преподаватель образовательной программы «Иностранный язык: два иностранного языка», Западно- Казахстанский университет имени М. Утемисова (г.Уральск Казахстан, эл.почта: tamara.ivanovna.nurusheva@gmail.com)

Кадыргалиева Сауле Исламовна – старший преподаватель образовательной программы «Иностранный язык: два иностранного языка», Западно- Казахстанский университет имени М. Утемисова (г.Уральск Казахстан, эл.почта: saule0312@mail.ru)

Гауриева Гулжан Мухаметкалиевна – и.о. профессор, образовательной программы «Иностранные языки», НАО «Евразийский национальный университет имени Л. Гумилева» (г.Астана, Казахстан, эл.почта: gaurieva@yandex.ru)

Information about authors:

Sardarova Zhannat Ismagulovna (corresponding author) -Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, of the educational program «Special Pedagogy», Abay Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: sardar.Zh@mail.ru)

Kismetova Galiya Nagibudaevna -candidate of pedagogical sciences, Associated Professor, of the educational program «Foreign language: two language», West Kazakhstan University named after M.Otemisov (Uralsk, Kazakhstan, e-mail: galiya-1969@mail.ru)

Nurusheva Tamara Ivanovna – Senior teacher, of the educational program «Foreign language: two language», West Kazakhstan University named after M.Otemisov (Uralsk, Kazakhstan, e-mail: tamara.ivanovna.nurusheva@gmail.com)

Kadyrgaliev Saule Islamovna, Senior teacher, of the educational program «Foreign language: two language», West Kazakhstan University named after M.Otemisov (Uralsk, Kazakhstan, e-mail: saule0312@mail.ru)

Gauriyeva Gulzhan Mukhametkaliyevna, Acting professor, of the educational program «Foreign languages», National University NPJSC (Astana, Kazakhstan, e-mail: gaurieva@yandex.ru)

Келін түсті 18.01.2024

Қабылданды 01.03.2024